

ҚАРАЛДЫ

ПК отырысында

«26» 08 2020 ж. Хаттама № 59

БЕКІТЕМІН
кешені директоры
Кашенева Р.А.
«1» 08 2020 ж.



ЕРЕЖЕ

«SANALY URPAQ» СТУДЕНТТІК КЛУБЫ ТУРАЛЫ

«Өнер колледжі – музыкалық-эстетикалық бейіндегі дарынды балаларға мамандандырылған мектеп-интернат» кешені» КММ

Петропавл, 2020

1. Жалпы ережелері

1.1. Осы Ереже «Өнер колледжі – музыкалық-эстетикалық бейіндегі дарынды балаларға мамандандырылған мектеп-интернат» кешені»КММ «SANALY URPAQ» студенттік клубының негізгі міндеттерін, функцияларын, құрылымын, құқықтарын, жауапкершілігі мен қызметті ұйымдастыру тәртібін және өзара әрекеттестік мәртебесін анықтайды.

(әріде – «Өнер колледжі – ДБМ»кешені).

1.2. «SANALY URPAQ» студенттік клубы студенттерге адамгершілік қасиеттері мол адал орта қалыптастыру үшін жасалған, сонымен қатар колледждің барлық бағытын, яғни ПК және колледж қызметкерлерін, әкімшілікті, академиялық, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік, экономикалық қызметіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралармен қамтамасыз ету.

1.3. «SANALY URPAQ» студенттер клубының қызметіне жалпы колледж директоры басшылық етеді, тікелей басшылықты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

1.4. «SANALY URPAQ» студенттік клубы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстарды, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің стандарттары», Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, колледж Жарғысы,

Колледждің академиялық саясаты, ішкі тәртіп ережелері, Колледждің ПК академиялық адалдық кодексі, әдеп кодексі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен басқа колледждің нормативті құжаттарының ережелерін басшылыққа алады.

1.5. «SANALY URPAQ» студенттер клубы - студенттердің осы Ережеде көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге арналған ерікті бірлестігі болып табылады.

2. Студенттік клубтың мақсаттары, міндеттері және функциялары

«SANALY URPAQ»

2. 1. Студенттік клубты ұйымдастырудың мақсаты - колледжде жоғары адамгершілікті, жауапкершілікті сезінетін, бастамашыл және әлеуметтік құзыретті азамат пен өз елінің патриотын қалыптастыру және дамыту үшін жағдай жасау болып табылады;

2.2. Студенттік клубтың негізгі міндеттері:

- 1) колледж студенттері арасында адалдықты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- 2) бақылау және алдын алу шараларын жүзеге асыру арқылы колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметін үйлестіру;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік-құқықтық өрісті қалыптастыру;
- 4) колледж жұмысы мен оның даму жолының ашықтығына көмектесу;
- 5) рухани, адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиеге бағытталған шараларды жүзеге асыру.

3. «SANALY URPAQ» студенттер клубының қызметін ұйымдастыру

- 3.1. Студенттік клубтың ережесін колледж директоры бекітеді.
- 3.2. Басшылық директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктеледі.
- 3.3. Клуб құрамына «Өнер колледжі – ДБМ» кешенінің студенттері кіреді.
- 3.4. Жұмыстың ұйымдастырушылық негізі - студенттер клубының жұмыс жоспары болып табылады.
- 3.5. Жоспар тәрбие жұмысының негізгі бағыттарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған күнтізбелік іс-шараларды, қоғамдық ұйымдармен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және басқа да мемлекеттік органдармен өзара әрекет жұмыстарын көрсетеді.
- 3.6. Студенттік клуб мүшелері келесі жұмыстарды орындайды:
 - 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы қажетті құжаттарды әзірлеу;
 - 2) колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және этикалық стандарттар кодексін сақтау туралы студенттерге социологиялық сауалнамалар жүргізеді;
 - 3) студенттік өзін-өзі басқару ұйымы құқық қорғау органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен, басқа ұйым өкілдерінің қатысуымен диалог алаңдарын, кураторлық сағаттарды, дөңгелек үстелдерді ұйымдастырып өткізеді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, академиялық мәселелер, адалдық бағыттарында жұмыс жүргізеді;
 - 3) бекітілген жоспарды, ПС шешімдерін, Президенттің бұйрығын, директордың бұйрығын орындайды.
- 3.7. Студенттік клубтың жұмысын тексеру мен бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.